**Бракеражды комиссия отырысының хаттамасы №1**
**«Ж.Тәшенов атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» КММ**

**05.09.2022 ж.**
Барлығы: 6
Қатысқандар:6

**Күн тәртібі**

1.«Жалпыға міндетті білім қорынан» қарастырылған қаржыға тегін тамақтану үшін ұсынылған құжаттарды қарап, шешім қабылдау.

**Тыңдалды:**

Әлеуметтік педагог Г.С. Жангабулова өз сөзінде құрметті комиссия мүшелері мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардан, мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын, жан басына шаққандағы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен отбасылар, көпбалалы аналар және өзге де санаттарына жататын 26 ата-анадан 60 өтініш келіп түсті .Сонымен қатар«Отбасы және балалар саласында көрсетілетін мемлекеттік қызметтер стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 24 сәуірдегі №158 бұйрығына 10-қосымша «Жалпы білім беретін мектептердегі білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарына тегін және жеңілдетілген тамақтандыруды ұсыну» мемлекеттік көрсетілген қызмет стандартына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсетіледі. Аталған қызмет аудандық білім басқармасы тарапынан беріледі, осы құжатқа байланысты мемлекеттік қызметті алушы ретінде үміткер мектептің ата-аналарына хабарландырулар WhatsApp арқылы жалпы ата-аналар үшін ашылған топқа жіберіліп,түсіндірмелік жұмыстары жүргізілді. Мемлекеттік қызметті алушы жүгінген кезде мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттардың тізбесі берілді.Мемлекеттік стандартқа сәйкес шешім шығарайық.

**ШЕШІМ:**

1.Жоғарыда берілген тізімдегі білім алушыларға Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 24 сәуірдегі №158 бұйрығына 10-қосымшасына сәйкес тұрмысы аз қамтамасыз етілген отбасыдан шыққаны туралы білім алушылардың жекелеген санаттарына тегін және жеңілдетілген тамақтандыруды ұсыну қызметі көрсетілсін.

2.Мемлекеттік стандартқа сәйкес төменде көрсетілген оқушылардың тізімін тегін тамақтану бойынша тізімге алынсын (№1 қосымша)

3.Жоғарыда аты аталған 60 оқушының қажетті құжаттарының түгелдеу және жоғарыда аты аталған білім алушылардың уақытылы тамақтануын мектептің әлеуметтік педагогы Г.С.Жангабуловаға жүктелсін.

4.№1 қосымшаға сәйкес, тегін тамақтанатын балалардың тізімі қаржыландыру үшін бухгалтерияға тапсырылсын.

**Комиссия төрайымы:**
Мектеп директоры Г.М. Байдиллина

**Комиссия мүшелері:**
ДТЖО А.А. Әбдірайымова
Қамқоршылық кеңесінің төрағасы: А.Қ. Қажетов
Мектеп медбикесі Қ.О. Сәрсенбаева
Кәсіподақ төрайымы А.Н. Бейсенбаева

**Комиссия хатшысы:**
Әлеуметтік педагог Г.С.Жанғабулова